

## Ізгілік көмегі ретінде тауарлар әкелу тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 7 тамыз N 1090. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 маусымдағы № 374 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 25.06.2018 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексі (Салық кодексі) орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:<\*>

**ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.20. N 1494 қаулысымен.**

1. Ізгілік көмегі ретінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына шетелден тауарлар әкелу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

**2. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 27.03.2017 жылғы № 140 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ізгілік көмегі мәселелері бойынша келген шетел азаматтарына виза беруді белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, "Қазақстан телевизиясы мен радиосы" республикалық корпорациясы ізгілік көмектің түсуі мен бөліну барысы туралы жұртшылыққа үнемі хабарлап тұрсын.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.20. N 1494 қаулысымен.**

**5. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 27.03.2017 жылғы № 140 қаулысымен.**

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 7 тамыздағы  
N 1090 қаулысымен  
Бекітілген

**Ізгілік көмегі ретінде Қазақстан Республикасының  
кеден аумағына шетелден тауарлар әкелу тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары, заңды және жеке тұлғалар үшін ізгілік көмегі ретінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына шетелден келген жүктерді қабылдаудың, есептеу, тасымалдау, жинау, күзету, бөлу тәртібін айқындайды.

Уәкілетті ұйымдар арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі бөлетін азық-түлік, халықтық тұтыну тауарлары, техника, керек-жарақтар, жабдықтар, медициналық құралдар мен дәрі-дәрмектер, халықтың өмірі мен тұрмыс жағдайларын жақсарту үшін шетелдер мен халықаралық ұйымдар жіберген өзге заттар, сондай-ақ әскери, экологиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын-алу және жою түрінде Қазақстан Республикасына тегін берілетін мүлік ізгілік көмегі болып табылады.<\*>

Қазақстан Республикасына келіп түскен ізгілік көмегі тұтынушы үшін қауіпсіз болуға және Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген санитарлық нормаларға және адам үшін қауіпсіздіктің халықаралық талаптарына сай келуге тиіс.

Азық-түлік пен медициналық дәрі-дәрмектерді Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу шарттары Қазақстан Республикасының тиісті қызметтерінің (санитарлық, эпидемиологиялық, мал дәрігерлік және фармакологиялық) нормативтік құжаттарымен реттеледі.

Ізгілік көмегі жүгі жүкті алушыға нақты табыс етілген сәтке дейін шетелдік заңды және жеке тұлғалардың меншігі болып табылады.

Ізгілік көмегінің пайдаланылуын бақылауды Халықаралық ізгілікті көмек мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) мен Қазақстан Республикасының салық қызметі органдары жүзеге асырады.

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.20. N 1494 қаулысымен.**

2. Ізгілік көмегі жүктерін жеткізуге байланысты барлық жұмыстарды ұйымдастыру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

жүктердің өткізілуі туралы ақпаратта жіберілген жері мен алушы жері көрсетілмеген жағдайда, оларды Комиссия айқындайды. Бұл орайда ол жүктерді тұтынушыларды, жүктерді тұтынушылар арасында бөлу лимиттерін, жүктердің жеткізілуінің қамтамасыз ететін ұйымдарды да айқындайды, бұл мәліметтерді көлік ұйымдарына, шекарадан өтетін жерлердегі кеден ұйымдарына және жүктерді тұтынушылар орналасқан жердегі ішкі істер органдарына хабарлайды. Қазақстан Республикасы Кеден комитеті ізгілікті көмекті әкелу кезінде бірінші кезекте қызмет көрсетіп, оңайлатылған кеден тәртіптерін қолданады.<\*>

Жүк тасымалдайтын экспедиторлық және көлік ұйымдары Қазақстан Республикасы Кеден комитетіне жүктердің жөнелтілгенін, көлемін және номенклатурасын, шекарадан өту бекеттерін хабарлайды.<\*>

3. Изгілік көмек жүктерін кеденде рәсімделгеннен кейін Қазақстан Республикасының кеден органдары Комиссияға олардың сипаты, көлемі (салмағы мен орын саны), жөнелткен ел және Қазақстан Республикасындағы жүк алушы туралы хабарлайды.

Изгілік көмекті алатын барлық заңды тұлғалар оны қабылдауды, есепке алуды, тасымалдауды, күзетуді және бөлуді қамтамасыз ететін органдар құрады.

4. Изгілік көмек түрінде Қазақстан Республикасына келіп түскен жүктерді есепке алу, сақтау және тасымалдау коммерциялық жүктерден бөлек жүзеге асырылады.

Жүктер алушылардың мекен-жайларына мынадай тәртіппен жіберіледі:  
нақты адресаттары бар жүктер - тікелей алушыларға;  
адресаттары көрсетілмей жіберілген жүктер - Комиссия айқындаған алушыларға жіберіледі.

5. Изгілікті көмектің бөлінуі осы көмектің жеткізілу шарттарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Изгілік көмектің бөлінуін бақылауды комиссия ұйымдастырады.

Заңды және жеке тұлғалардың аталған көмекті басқа заңды және жеке тұлғаларға сату, сондай-ақ оларды сату мақсатымен сатып алуына тыйым салынады.

Изгілік көмектің тиісті мақсатқа пайдаланылмауы фактілерін жергілікті жерлердегі атқарушы органдар Комиссияға және әрекет аймақта орналасқан кеден мекемелеріне хабарлайды. Кеден және салық органдары аталған заңды және жеке тұлғалардан Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген салық пен міндетті төлемдерді өндіріп алады.

Заңды және жеке тұлғалар осындай тауарлармен және заттармен жасалған операциялардан алған барлық түсімді Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес төлеуге жататын қосылған құнға салынатын салық, акциздер, кеден алымы және баж сомасын шегере отырып, салық қызметінің органдары алуға тиіс және бірдей мөлшерде республикалық және жергілікті бюджетке аударылады.